

Жстд бар балалардың сөздік қорын дамыту

ОРЫНДАҒАН: БОРАШЕВ А.С
ТЕКСЕРГЕН: ИЗМАЙЛОВА Ж.Т

Жалпы сөйлеу тілі дамымауы бар балалармен жұмыс барысында басты назарға мына бағыттар алынады:

- ▶ -Артикуляциялық сөйлеу аппаратының қимыл-қозғалысын белсендіру;
- ▶ -Сөйлеу барысында дұрыс тыныстауды қалыптастыру;
- ▶ -Дыбыстарды түзету, машықтандыру және қою;
- ▶ -Сөйлеудің әуезділігін, интонациясын қалыптастыру;
- ▶ -Фонематикалық есту қабілетін дамыту;
- ▶ -Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту;
- ▶ -Белсенді және енжар сөздік қорын дамыту;

Сөйлеу тілінің дамымауы әртүрлі деңгейде кездеседі. Алғашында Р.Е.Левина жалпы сөйлеу тілі дамымауын үш деңгейге бөлді. Кейіннен Т.Б.Филичева 4-ші деңгейді сипаттап қосады.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының бірінші деңгейінде тілдің мүлде қалыптаспауы байқалады. Оларды мылқау балалар дейді. Бұл деңгейдегі балалардың кісімен тілдескенде анық байқалатын тіл кемістіктері мынандай болып келеді: былдырлап сөйлейді, жеке дыбыстарға еліктейді, жекелеген зат есім сөздер мен күнделікті тұрмыста айтылып жүрген етістік сөздерді пайдаланады, сөйлемді былдырлап мүлде түсініксіз етіп үзіп-үзіп айтады, сөйлемде дыбыстар анық айтылмайды, әрі тұрақсыз, құбылмалы келеді. Олар айтайын деген ойын қолдарын ербеңдету арқылы ым-ишара қолданып, ымдап түсіндіруге тырысады.

Лексикалық тақырып: Отбасы.

- ▶ Мақсаты: Отбасы туралы әңгімелеу, диалог түрінде сойлесу арқылы балалардың тілдерін , сөздік қорларын дамыту, сөздің неше дыбыстан тұратынын анықтап, дыбысты есту арқылы ажырату, ой- өрістерін, танымдық қабілеттерін арттыру, жауапкершілікке тәрбиелеу.

